

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ**

**Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі**

қолжазба құқығында

**Арынханұлы Тілек**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ  
ИНСТИТУТЫН ЖЕТІЛДІРУ**

«7M041 - Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша  
«7M04119 -Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: \_\_\_\_\_ М.И.Жумагулов  
заң ғылымдарының докторы,  
Мемлекеттік саясаттың ұлттық  
мектебінің профессоры

Жоба қорғауға жіберілді: « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023 ж.

Мемлекеттік саясаттың ұлттық  
мектебінің директоры: \_\_\_\_\_ М.Н.Абдыкаликова

Астана, 2023

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....</b>	<b>5</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>6</b>
<b>ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ .....</b>	<b>10</b>
<b>ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....</b>	<b>14</b>
<b>ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ .....</b>	<b>16</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>41</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>42</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>46</b>

## Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесідей нормативтік құқықтық актілерге сілтемелер пайдаланған:

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз.

«Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация жөнінде» Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 25 қазандағы № 307-ХІІ Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жыл 27 желтоқсан № 268-ХІІІ.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жыл 5 шілде № 235-V.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жыл 31 қазан № 377-V.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы N 253 Заңы. - Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңымен күші жойылды.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 1 қыркүйектегі N 440 Жарлығы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 1066 Жарлығымен күші жойылды.

«Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 949 Жарлығы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 17 маусымдағы № 102 Жарлығымен күші жойылды.

«Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы.

«Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы.

«Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 12 ақпан N 1569 қаулысы. ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 Жарлығымен күші жойылды.

«Сот актілерін орындамағаны үшін жауаптылық туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 12 нормативтік қаулысы.

«Соттардың Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің Ерекше бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері

туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 7 нормативтік қаулысы.

«Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 437 қаулысы.

«Қазақстан Республикасы әділет органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 398 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 қаңтарда № 10112 тіркелген.

«Жеке сот орындаушыларының қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 32 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 ақпанда № 10308 тіркелген.

«Жеке сот орындаушыларының қызметін бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 171 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 ақпанда № 16376 тіркелген.

## Белгілеулер мен қысқартулар

ҚР	– Қазақстан Республикасы
ӘМ	– Әділет департаменті
ӘД	– Әділет департаменті
ЖСО РП	– Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы
ЖСО ӨП	– Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы
МСО	– Мемлекеттік сот орындаушы
ЖСО	– Жеке сот орындаушы
Атқарушылық өндірістер жүргізу туралы Заң	– Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы
ҚР ӘҚБтК	– Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жыл 5 шілде № 235-V
Әкімшілік хаттама	– Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама
ҚССР	– Қазақ Советтік Социалистік Республикасы

## Кіріспе

**Зерттеудің өзектілігі.** Ата заңымыз Конституцияның 1 – бабының 1 – тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» баяндалса, осы Конституцияның 12 – бабының 1 – тармағында «Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі» делінген [1].

Осы ретте, мемлекетпен берілген кепілдіктердің сақталуының бір көрінісі атқару құжаттарының дәл және мінсіз орындалуымен бағаланады. Сот шешімдерінің орындалуы азаматтардың бұзылған құқықтарының қалпына келтірілуімен оларды мемлекетпен ондағы сот төрелігі жүйесіне деген сенімін қамтамасыз етеді. Сот жүйесі қызметінің тиімділігі көптеген жағдайда сот орындаушылардың ҚР заңдарына сай өз жұмысын тиянақты орындауымен байланысты. Бұл дегеніміз - сот шешімінің заңнамаға сәйкес жариялануымен азаматтардың құқықтарының қалпына келді деп айтуға болмайтындығын көрсетеді. Егер де, сот шешімдері толық орындалмаса, бұл азаматтардың құқықтарының бұзылуына әкеледі. Тиісінше, сот жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін сот орындаушыларының жұмысына ерекше назар аудару керек. Бұл процедурасыз соттың конституциялық құқығы мен әділ сот ісін жүргізу принциптері мағынасын жоғалтады. Және де азаматтар мен бүкіл қоғамның тек сотқа ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік билікке деген сенім дәрежесінің мемлекеттегі сот шешімдерінің қаншалықты тез және сапалы орындалуымен байланыстырылады.

Жалпы сот актілерін орындау ҚР сот жүйесінің етене қайнасқан бөлшегі және де оның аса маңызды тетігі, сондай-ақ азаматтық процестің шешуші кезеңі ретінде маңыздылығы жоғары. Қазіргі жүйені сот актілерін орындауға байланысты сапалы құрылған механизмсіз елестету мүмкін емес, өйткені дұрыс әрі тиімді құрылған механизм азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғаудың кепілі. Және де халық тарапынан жалпы мемлекеттік билік пен сот жүйесіне деген сенімділікті қалыптастыруда тікелей маңызды рөл атқарады. Себебі, шығарылған, бірақ орындалмаған сот актісі тек қана әділеттіліктің ресми актісі болып қалады, ал әділдіктің нақтылы орнатылуы ол сол сот шешімінің орындалғанынан кейін ғана пайда болады.

Сот актілерін орындау жүйесін еліміз тәуелсіздігін алған кезден бастап қарқынды дами бастады. Оның бастауын Кеңес Советтік Социалистік Республикасы ыдырап, ҚССР-ының Жоғарғы Советінің 1990 жылдың 25 қазандағы ҚССР-ның егеменді мемлекеттігі жөніндегі қаулысының күшіне енген сәттен бастап демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құру жолында көптеген нормативтік құқықтық актілер қабылданды [2]. ҚР азаматтардың құқықтарымен заңды мүдделерінің қорғалу дәрежесін мейілінше қамтамасыз ету мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Оның дәлелі ретінде, шағын ғана келесідей деректі келтіруге болады. Мысалға, қолдану аясы

кең ауқымды қамтитын ҚР Азаматтық кодексіне (1994 жыл) қабылданған кезден бері 146 рет [3], ал ҚР ӘҚБтК (2014 жыл) қабылдаған мезеттен бері қарай 163 мәрте өзгерістер мен толықтырулар енгізілсе [4] тек атқарушылық өндірістерді жүргізу саласын реттейтін «Атқарушылық өндірістер жүргізу туралы» Заңына (2010 жыл) 84 мәрте өзгерістер мен толықтырулар енгізілген [6].

Жалпы құқықтық жүйе кез-келген мемлекетте азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етудің негізгі құралдарының бірі. Осыған байланысты ҚР Тұңғыш Президентті Н. Назарбаевтың сот актілерін мәжбүрлеп орындау жүйесін жетілдіруге бағытталған бастамасы ҚР құқықтық мемлекетті нығайту жолындағы аса маңызды қадам болды. Сот актілерін мәжбүрлеп орындау жүйесі - бұл сот шешімдерімен өзгеде атқарушылық өндірісті қозғауға негіз болатын құжаттардың орындалуын қамтамасыз ететін механизм және бұл жүйенің әрдайым тиімді жұмыс істеуі оңтайлы қалыптастырылған заңнамалық базаның сапасымен оның қолдану деңгейіне байланысты. Осы орайда, атқарушылық іс жүргізу аясын реттейтін сонымен қатар, аталған бағыттағы жұмыстарды жүргізу барысында басшылыққа алынатын заң нормаларының қолдану деңгейін зерделеу маңызды алғы шарттардың бірі. Заң нормаларының қолдану аясын зерделей отырып, олардың барлық азаматтар үшін құқық нормаларының қолжетімділігі мен түсінікті болуын қамтамасыз етуге және құқық қолдану тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкінділік болады. Бұған атқарушылық іс жүргізу саласына қатысты деректерді жинау және талдау процесін жетілдіру арқылы қол жеткізуге болады.

Заң нормаларының қолдануын жақсартуға мемлекет, қоғам және атқарушылық өндірісті жүргізуді жүзеге асыратын тараптардың кешенді жүргізілген күш-жігерінің нәтижесінде қол жеткізіледі.

Осы тұрғыда, бүгінде ЖСО қызметінің қарқынды дамуын ескеріп, ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1-бөлігі бойынша ЖСО әкімшілік хаттама толтыру құқығын беру заман талабы және осы мерзімге дейін атқарушылық өндірістегі құжаттардың орындалуын тетігін жетілдіру бағытындағы жүргізілген кешенді жұмыстардың нәтижесі. Аталған өкілеттігі беру арқылы құқық қолданудың тиімділігінің артуына қол жеткіземіз.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді зерделей отырып, Қазақстан Республикасында атқарушылық іс жүргізу институтын жетілдіру жолдарын анықтау.

Магистрлік жобаны зерттеу аясында мынадай міндеттер бойынша жұмыстар атқарылды:

1. Қазақстанда атқарушылық іс жүргізу институтының жалпы процесін зерделеу;
2. Осы институт бойынша ҚР ӘҚБтК 669-бабы аясында толтырылатын әкімшілік хаттамалардың жасалу барысын зерделеу;
3. ҚР атқарушылық іс жүргізу институты (мемлекеттік және жеке сот

орындаушылар) жүйесінде әкімшілік хаттама толтырудың актуалдылығын анықтау негізінде түрлі зерттеу жұмыстарын жүргізу (Жетісу облысының мысалында);

4. Атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру бағытында ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеу объектісі** ҚР атқарушылық іс жүргізу институты (Жетісу облысының мысалында).

**Зерттеу пәні.** Жобалық жұмыстың зерттеу пәні Қазақстан Республикасындағы атқарушылық іс жүргізу институтын құқықтық өкілеттіктерін жетілдіру.

**Жоба тақырыбының зерттелу деңгейімен ғылыми жаңалығы.** Қазақстанның ғылыми әдебиеттерінде тақырыпты зерделеу дәрежесін жеткілікті кең деп санауға келмейді, өйткені ол құқықтық мәртебенің жалпы мәселесіне қатысты мәселелерін қозғайды.

Құқықтық мәртебенің жалпы мәселесіне арналған атқарушылық іс жүргізу мәселесімен М. А. Аленов, З.Х. Баймолдинамен т. б. құқықтанушы ғалымдары көптен бері айналысып келсе, осы бағыт бойынша шетел жазушылары да ой қозғап, зерттеу жүргізген олардың қатарына Морган Шелдон, Кэтрин Эллиотт және Фрэнсис Куинн, В.В. Гуцин, Е.Н.Кузнецов және т. б. жатқызуға болады.

Алайда, бізбен көтеріліп отырған зерттеу аясы ол атқарушылық өндіріс бағытында осы мерзімге дейін жүргізілген ауқымды жұмыстың нәтижесінен туындады. Яғни, қазірге кезде МСО қысқарып, ЖСО көбейуіне орай атқарушылық өндіріс саласында қолданып жүрген НҚА тиісті өзгерістерді енгізу арқылы жұмыстарды одан әрі жалғастыру қажеттігін дәлелдеп отыр.

**Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі.**

Жобалық зерттеу аясында ең алдымен статистикалық талдау әдісіне жүгіне отырып, Жетісу облысының атқарушылық өндіріс аясындағы деректер қарастырамын ол өз кезегінде қазіргі таңда қалыптасқан қиындықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Келесі кезекте, атқарушылық өндіріспен етене қайнасқан тұлғалардың пікірлерін анықтау негізінде әлеуметтік сауалнама жүргізіп, оның нәтижесін одан әрі анықтау мен осы саладағы қызмет бойынша ұтымды пікір алу мақсатында атқарушылық өндірістегі кәсіби тәжірибесі бар сарапшылардан сұхбат алу көзделуде.

Аталған әдістерді қолдану арқылы атқарушылық өндіріс саласын әмбебап қарастыруға, объективті деректер мен фактілерге негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы.** Бұл жұмыстың ғылыми-теориялық маңыздылығы онда заңнаманың сапасын арттыру үшін құқықтық саланы кешенді талдау жүргізілгендігінде. Тұжырымдалған және көрсетілген ережелер қазірге таңдағы атқарушылық өндіріс саласындағы әзірлемелер мен процедураларды толықтырады. Және де Қазақстандағы атқарушылық іс жүргізу жүйесінің қалыптасу тетіктері



зерделене отырып, оны одан әрі қарай жетілдіру бойынша тиімділік тұрғысынан ұсыныстар дайындалады.

Осы жұмыстағы тұжырымдар мен ұсыныстар мемлекеттік органдардың қызметінің заң шығару тәжірибесінің келесі түрлерінде қолданылуы мүмкін, атап айтқанда, атқарушылық өндіріс саласында нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу үшін теориялық негіздер ретінде қабылданады.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Бұл жобалық зерттеу юрисдикциялық органдармен сот актілерін орындау барысында туындайтын атқарушылық өндірістің практикалық проблемаларын процесстік деңгейде кешенді қарастырғандардың алғашқыларының бірі болып табылады.

Атқарушылық өндірістің қолданыстағы теорияларын және де осы бағыттағы басқада өкілеттіктерді талдау арқылы Қазақстанның заңнамасы мен практикасында қолдану жөнінде ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

**Гипотеза** мынада: атқарушылық өндіріс саласында ЖСО-ға ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1 – бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтыру өкілеттігін беру арқылы Қазақстан заңнамасының құқық қолдану тетігінің тиімділігі артады.

Атап айтқанда, ЖСО-ға атқару парағын өрескел бұзған тұлғаларға қатысты әкімшілік хаттама толтыру құзіретін беру арқылы олардың атқаруындағы атқару құжатының міндеттемелерін орындамаған тұлғаларға қатысты заңмен көзделген жауаптылықтың іс жүзінде жүзеге асуы орын алады. Себебі, кез-келген тұлға сот орындаушының атқарушылық құжатты орындау бойынша талабын орындаудан бас тартса, тиісінше орындамасы әкімшілік жауаптылық көзделген.

Сондай-ақ, борышкерді әкімшілік хаттама толтыру үшін МСО-ға апару қажеттілігі болмайды. Яғни, ЖСО борышкерге сол жерде ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1 – бөлігімен хаттама толтыру мүмкіншілігі болады.

**Жарияланым.** Жобалық зерттеу аясында зерделенген мағлұматтардың негізінде ҚР Бас прокуратурасының жанындағы құқық қорғау органдары академиясының ұйымдастыруымен 2022 жылдың 4 қараша айында өткізілген Қазақ КСР прокуроры Ө.С. Сейітовтың құрметіне арналған «Құқық қорғау қызметінің өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы жинағында «ДЕЛЕГИРОВАНИЕ ПОЛНОМОЧИЙ ЧАСТНЫМ СУДЕБНЫМ ИСПОЛНИТЕЛЯМ НА СОСТАВЛЕНИЕ ПРОТОКОЛА ОБ АДМИНИСТРАТИВНОМ ПРАВОНАРУШЕНИИ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ)» атауымен жарық көрді.



## Әдебиетке шолу

Құқық ғылымында атқарушылық іс жүргізу сот шешімдері мен басқа да актілердің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған азаматтық процестің маңызды институттарының бірі ретінде қарастырылады. Бұл процестің шеңберінде сот шешімдерін, сондай-ақ заңда белгіленген басқа да міндеттерді орындау жүзеге асырылады.

Атқарушылық өндіріс – өндіріп алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың және заңға сәйкес әділдікті қамтамасыз етудің механизмі. Оны борышкерлерге мәжбүрлеу шараларын қолдануға ерекше өкілеттігі бар сот орындаушылары жүзеге асырады. Сонымен қатар, құқық ғылымында атқарушылық іс жүргізу тәртібіне, оның құқықтық негіздеріне, проблемалары мен даму перспективаларына қатысты мәселелер белсенді түрде зерттелуде.

Осы ретте, Mykolas Romeris University (MRU), JURISPRUDENCIJA, Mokslo darbai, 2008, Чекмарева Анастасия, 2008г. «Судебные приставы в России: история и современность» 2008 7(109); 56–63 атты мақаласында Ресейдегі сот орындаушыларының тарихы мен қазіргі заманы қарастырылады. Автор Чекмарева Анастасия Валериевна сот орындаушыларының қызметін реттейтін заңнамалық актілерге шолу жасай отырып, соңғы жылдары осы салада болған өзгерістерге талдау жасаған. Мақала XVII ғасырда жұмыс істеген Ресейдегі алғашқы сот орындаушылары туралы және Ресей тарихының әртүрлі кезеңдеріндегі олардың қызметін реттейтін заңнамалық актілер туралы қысқаша тарихи шолудан басталады. Содан кейін автор Ресейдегі сот орындаушыларының қазіргі жағдайын талдауға көшеді, олардың функциялары мен құзыреттерін, ұйымдық құрылымы мен лауазымға тағайындау процедурасын талқылайды. Сондай-ақ сот орындаушыларының заңнама мен құқықтық мемлекет қағидаттарын бұзғаны үшін жауапкершілігі мәселелері талқыланады. Қорытындылай келе, автор қазіргі уақытта сот орындаушыларына Кәсіби құзыреттілік пен мінез-құлық этикасының жоғары деңгейіне байланысты жоғары талаптар қойылатынын атап өтті. Бұдан басқа, сот приставтары жұмысының тиімділігін арттыруға және істерді қарау мерзімдерін қысқартуға бағытталған заңнамаға өзгерістер енгізуді көздейді [23].

HIGH COURT ENFORCEMENT OFFICERS ASSOCIATION Educating the bailiff, Enforcement against goods is still a blunt instrument. The Recognised Standard / www.cicm.com / November 2018 / PAGE 14 AUTHOR – Andrew Wilson MCICM ғылыми еңбегінде Жоғарғы Соттың сот орындаушылар қауымдастығы-бұл Ұлыбританиядағы сот орындаушылары мен сот шешімдерін орындау агенттерінің мүдделерін білдіретін кәсіби ұйым. Эндрю Уилсонның «сот орындаушысын оқыту» мақаласында автор елдегі тауарларға қатысты мәжбүрлеп орындау жағдайын сынға алып, оны «мылқау құрал» деп атайды. Уилсон сот орындаушылары өз міндеттерін дұрыс және нәзік орындау

үшін көбірек дайындық пен қолдауды қажет етеді, әсіресе олар қарыздарын төлей алмайтын осал адамдармен жиі айналысатынын ескерсек. Мақалада атқарушылық іс-әрекетке неғұрлым жанашыр және ізгілікті көзқарастың қажеттілігі, сондай-ақ сот орындаушыларының қызметі мен олардың білімін өз жұмысын тиімді орындау үшін тиісті реттеуді қамтамасыз етудің маңыздылығы көрсетілген [24].

CA suggests 'problem bailiffs' are on the rise Калифорниядан келген әдебиеттерге сәйкес, Ұлыбританияда «проблемалы сот орындаушыларының» пайда болу тенденциясы артып келеді. Бұл сот орындаушылары, олар агрессивті тактиканы қолданады және көбінесе өтелмеген қарыздарды өндіріп алу үшін заңсыз немесе этикалық емес мінез-құлыққа жүгінеді. Бұл тенденция тұтынушылар топтары арасында алаңдаушылық туғызады және саланы реттеуді күшейтуге шақырды. Кейбір алаңдаушылықтарға көптеген адамдар сот орындаушыларымен қарым-қатынас жасау кезінде өз құқықтары туралы білмейтіндігі және кейбір сот орындаушылары бұл надандықты борышкерлерді қорқыту және қудалау үшін қолданатындығы жатады. Жалпы, әдебиеттер осал тұтынушыларды қорғау және қарызды өндіріп алу тәжірибесінің әділ және этикалық болуын қамтамасыз ету мақсатында сот орындаушылары саласын реформалаудың шұғыл қажеттілігі бар екенін көрсетеді [25].

THE ICM JOURNAL FOR CONSUMER AND COMMERCIAL CREDIT PROFESSIONALS, Bailiff bashing is fast becoming a national sport, July 2013 мақаласында Ұлыбританиядағы сот орындаушыларына қатысты сын мен тіпті агрессияның таралу тенденциясы талқыланады. Мұндай сот орындаушылары соттың шешімдерін орындайды, мысалы, қарыз беру немесе мүлікті басқару. Алайда, кейбір адамдар өздерін тым агрессивті және тиімсіз деп санайды, бұл соңғы жылдары бірнеше жанжалды жағдайларды тудырды. Мақалада бұл тенденция жалпы сот төрелігі үшін қиындықтар тудыруы мүмкін екендігі туралы айтылады [26].

The Recognised Standard , What a difference a year makes, In the second in the series of 'how I got into credit management', Morgan Sheldon tells how he swapped the Police for the enforcement industry. AUTHOR - Morgan Sheldon «Жылды не өзгертеді» мақаласы жеке тұлғалардың несиелерді басқаруға қалай қатысқаны туралы мақалалар сериясының екіншісі болып табылады. Осы нақты мақалада автор Морган Шелдон полициядан кету және құқық қорғау саласына ауысу туралы өзінің жеке тәжірибесімен бөліседі. Мақалада мансаптағы осындай маңызды өзгерістердің қиындықтары мен артықшылықтары туралы түсінік берілген [27].

ICM, Bailiff industry needs reform says leader, by SEAN FEAST, December 2011 Дағдарыстың жетекші атқарушы саласы реформаларды қажет ететіндіктен, салалық қауымдастық басшысы SEAN FEAST мақаласында World News айдарында атап өткендей. Шешілуі керек ең маңызды мәселелер-құқықтық жүйені өзгерту, тұтынушылардың сот орындаушыларына деген сенімін арттыру және жалғандықпен күресу және қауіпсіздікті арттыру үшін

өнім сапасын жақсарту. Өндірісті тоқтату еркін нарықтың қолайлы жағдайымен байланысты болуы керек, бұл тұтынушылар үшін бағаның төмендеуіне әкелуі керек. Орындау ұйымдары сонымен қатар орындау бойынша жұмыс істейтін өз қызметкерлерінің қолдауына көз жеткізіп, заңдарда реттелуі керек. Қандай да бір түрде журналист атқарушы саладағы ағымдағы жағдайға егжей-тегжейлі шолу жасайды және оның жағдайын жақсартатын теориялық әрекеттердің мысалдарын ұсынады [28].

«The French Legal System» by Catherine Elliott and Frances Quinn, бұл әдебиет жазған француз құқықтық жүйесі бойынша практикалық нұсқаулық болып табылады Кэтрин Эллиотт және Фрэнсис Куинн. Кітап Францияның құқықтық жүйесіне егжей-тегжейлі шолу жасайды, сонымен қатар Сот төрелігі мен сот практикасы жүйесінің ерекшеліктерін сипаттайды. Жұмыста студенттерге арналған ақпарат бар құқық, адвокаттар және Францияда жұмыс істейтін немесе бизнеспен айналысатын басқа мамандар. Кітап Француз құқықтық жүйесінің негіздерін тереңірек түсінгісі келетіндерге пайдалы [29].

«French Civil Procedure Code» by Jean-Francois Renucci әдебиеті Францияның азаматтық іс жүргізу кодексі болып табылады. Бұл Франциядағы сот істерін реттейтін ережелер мен процедуралардың толық жиынтығын қамтитын құжат. Кодекс азаматтық және коммерциялық істер бойынша іс жүргізу нормаларын, сондай-ақ өтініштер мен апелляциялар туралы нормаларды қамтиды. Сонымен қатар, Кодекстің бұл нұсқасында Франциядағы азаматтық процестің беделді сарапшысы - Жан-Франсуа Ренуччидің түсініктемелері мен түсіндірмелері бар. Бұл дереккөз Француз құқығы мен процедураларын үйрету үшін, сондай-ақ Франциядағы заң және сот практикасы саласында жұмыс істейтіндер үшін пайдалы ресурс болып табылады [30].

«Enforcement of Judgments in France» by Paul Lignières бұл Luxology веб-сайтында жарияланған мақала Франциядағы сот шешімдерін мәжбүрлеп орындау процесін талдауға арналған. Автор соттардың шешімдерді орындау туралы істерді қарау кезінде ұстанатын негізгі принциптерін сипаттайды, сондай-ақ сот шешімді орындалатын деп тануы үшін өту керек процедуралар туралы айтады. Сондай-ақ, мақалада шешімді мәжбүрлеп орындау үшін қандай құжаттарды ұсыну керектігі, орындалуын қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қолданылуы мүмкін және процестің әртүрлі кезеңдерінде қандай мерзімдер қолданылатыны туралы ақпарат бар. Тұтастай алғанда, мақала Францияда юрисдикциямен айналысатын және шешімдерді мәжбүрлеп орындау туралы ақпаратты қажет ететін кез келген адам үшін пайдалы материалды ұсынады [31].

«The French Code of Civil Procedure: A Guide to Interpretation» by Andrew Tettenborn, бұл Андрей Тетенборнның кітабы, ол Францияның азаматтық іс жүргізу кодексін қамтиды және оны түсіндіру бойынша практикалық нұсқаулар береді. Кітапта сот процестерін ұйымдастыру, дәлелдеу ережелері, дауларды шешу сияқты мәселелер егжей-тегжейлі қарастырылады және сот шешімдері мен оларды қолдану тәжірибесі талданады [32].

«French Law: A Comparative Approach» by Eva Steiner, бұл Эва Штайнер жазған кітап, ол француз құқықтық жүйесінің негізгі аспектілерін қорытындылайды және оны басқа құқықтық жүйелермен салыстырады. Кітап негізінен Франциядағы құқықты, соның ішінде конституциялық құқықты, меншік құқығын, еңбек құқығын, отбасылық құқықты және т.б. контекстендіруді қарастырады және олардың тәжірибеде қалай жұмыс істейтінін түсіндіреді. Бұл кітап жалпы заң оқитын адамдар үшін де қызықты болады, өйткені ол француз құқықтық жүйесіне англо-саксон құқығы сияқты басқа жүйелермен салыстырмалы талдау жасайды [33].

«The French Judicial System» by Bernard Stirn Бернад Стёрннің (Бернард Стёрн) авторлық мақаласында Францияның сот жүйесінің негізгі белгілері сипатталған. Мақалада әртүрлі сот органдарының, соның ішінде Конституциялық Кеңестің, сот сотының, магистраттар Сотының және басқалардың құрылымы мен қызметі туралы ақпарат бар. Судьяларды тағайындау процесі мен мансаптық жолы, сондай-ақ француз сот жүйесінде қолданылатын дауларды шешу әдістері сипатталған [34].

«The French Legal System» by John Bell, Sophie Boyron, and Simon Whittaker-бұнда Джон Белл, Софи Байрон және Саймон Уиттейкер жазған заманауи Француз құқықтық жүйесін кең зерттеу. Олар оқырманға конституциялық құқық, қылмыстық құқық, Азаматтық құқық, коммерциялық құқық және халықаралық құқық сияқты мәселелерді қамтитын Францияның құқықтық жүйесіне егжей-тегжейлі шолу жасайды [35].

«The French Civil Code» by George A. Bermann and Etienne Picard-бұл дереккөз Француз Азаматтық кодексінің ағылшын тіліндегі мәтіні болып табылады, оны екі сарапшы: Джордж А.Берман және Этьенна Пикард аударған және түсініктемелермен және түсіндірмелермен қамтамасыз етеді. Францияның Азаматтық кодексі-азаматтық қатынастарды реттейтін барлық ережелер мен нұсқауларды қамтитын әлемдегі ең ықпалды және маңызды құқықтық жүйелердің бірі. Ағылшын тіліндегі бұл нұсқа шетелдік заңгерлерге Француз құқығын үйренуге және түсінуге, сондай-ақ оны халықаралық сот процестерінде қолдануға мүмкіндік береді [36].

«French Commercial Law» by Pascal Pichonnaz and Sébastien Manciaux-әйгілі заңгерлер Паскаль Пишонназ мен Себастьян Мансионның Францияның коммерциялық құқығы туралы кітабы. Онда елде қолданылатын құқықтың негізгі нормалары, сондай-ақ сот шешімдері мен прецеденттеріне шолулар мен талдаулар келтірілген [37].

«The French Court System: An Introduction for Anglo-American Lawyers» by Richard F. Weyand- Американдық бар қауымдастығында жарияланған мақала, ол ағылшын-американдық заңгерлерге Францияның сот жүйесіне шолу жасайды. Мақаланың авторы Ричард Ф. Вейланд Францияның сот органдарының құрылымы мен ұйымдастырылуы, юрисдикция жүйесі және сот процесі туралы негізгі ақпаратты ұсынады. Мақала сонымен қатар Франциядағы құқықтық кеңеске, талап қою мерзіміне және сот шешіміне шағымдану процесіне қатысты мәселелерді қамтиды. Бұл дереккөз

халықаралық құқық және сот ісін жүргізу саласында жұмыс істейтін ағылшын-американдық заңгерлер үшін маңызды ақпарат береді [38].

## Зерттеу әдістері

Сот актілерімен басқа да атқарушылық құжаттардың тез және кедергісіз орындалуын қамтамасыз ететін тиімді атқарушылық іс жүргізу жүйесін құру маңызды. Аталған жүйені құру үшін оны жан-жақты қарастыра отырып, сапала зерттеу әдістерін жүргізу арқылы қол жеткізіледі.

Осыған орай, магистрлік жобаны зерттеу барысында сандыққа да сапалыққа да мән бере отырып, статистикалық талдау әдісі қолданылды. Негізгі нәтижелерге ӘМ мен ӘД алынған актуалды статистикалық мағлұматтарды зерделеудің нәтижесінде қол жеткізілді және ол Жетісу облысының атқарушылық іс жүргізу саласындағы атқарушылық құжаттардың көлеміне, борышкерді әкімшілік жауапкершілікке тарту, алимент, сот орындаушылардың саны мен зерттеуге қатысты өзгеде объективті ақпараттарды алуға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, атқарушылық іс жүргізуді жетілдіруді Жетісу облысының атқарушылық іс жүргізу қызметімен атқарған жұмыстарын зерделеу арқылы қарастыру көзделгеніне орай, осы облыстың атқарушылық іс жүргізу саласында 43 ЖСО мен 8 МСО барын ескере отырып, осы салаға қатысты бар кәсіби мамандар арасында әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында атқарушылық іс жүргізу бойынша тұлғалардың пікірлері мен ұсыныстары қаралып, аталған салада туындаған сұрақтарды анықтауға мүмкіндік берді. Жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесін одан әрі дәлелдеу немесе теріске шығару мақсатында сарапшылармен сұхбат жүргізілді. Сұхбат әңгіме түрінде жүргізіліп, респонденттердің сұрауы бойынша аудио және бейне жазба жүргізілмей, жауаптары конспектіленіп отырылды.

Сонымен бірге, респондетке алдына ала жоспарланған сұрақтар қойылып, жүргізіліп отырған сұхбаттын қызықты және ауқымды болуына мүмкіндік алынды. Нәтижесінде, атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру тұрғысында ұсыныстар алынып, ол өз кезегінде магистрлік жоба аясында ұсынымдар қалыптастыруға септігін тигізді.

Сонымен қатар, атқарушылық іс жүргізу аясындағы заңнама нормаларының қолдану тиімділігін арттыруға сұхбат алатын респонденттердің құрамының сан алуандығы да оң ықпалын тигізері анық. Себебі, осы респонденттер құрамында сот актілерін шығаратын судьядан бастап, сот орындаушылардың қызметін бақылайтын әділет органы мен атқарушылық құжаттардың орындалуын іске асыратын МСО мен ЖСО да қамтылған (Кесте-1).

Сұхбатқа қатысушы мемлекеттік пен жеке сектор сарапшыларының тарапынан жасырын қалып, анонимді болуға ниет білдірулеріне орай,

респонденттердің тілектерінің негізінде оларға қатысты мәліметтер иесіздендірілді.

1- кесте - Мемлекеттік және жеке секторларының өкілдерін кодтау

№	Мекеме/ұйым	Жынысы	Жасы	Қызмет өтілі	Кодтау	Орташа көрсеткіш
<b>Мемлекеттік сектор</b>						
1	ӘД	Ер адам	51	20	Сарапшы ер адам	Орташа жастары – 50 жас, Мемлекеттік қызметтегі орташа еңбек өтілі – 21 жыл
2	Сот актілерін орындау бөлімі	Әйел адам	58	23	Сарапшы әйел адам	
3	Сот актілерін орындау бөлімі	Әйел адам	47	23	Сарапшы әйел адам	
4	Сот	Әйел адам	50	20	Сарапшы әйел адам	
<b>Жеке сектор (жеке сот орындаушы ретінде)</b>						
5	ЖСО ӨП	Ер адам	44	9	Сарапшы ер адам	Орташа жастары – 44 жас, Жеке сектордағы орташа еңбек өтілі – 3 жыл
6	ЖСО ӨП	Ер адам	45	4	Сарапшы ер адам	
7	ЖСО ӨП	Әйел адам	56	6	Сарапшы әйел адам	
8	ЖСО ӨП	Ер адам	32	5	Сарапшы ер адам	
Ескертпе – Автормен құрылымдалмаған негізде жасалған сұхбатқа сәйкес әзірленген						



## Талдау және зерттеу нәтижелері

### Атқарушылық іс жүргізудің қазіргі таңдағы қалыптасқан тәжірибесі.

ҚР атқарушылық іс жүргізу институты «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңы қабылдаған сәттен бастап, сот актілерімен басқада атқарушылық құжаттарды орындау бағытында жаңашылдық енді. Ондағы Қазақстан үшін новелла сот актілерін орындау функциясын мемлекеттік сот орындаушылармен қатар жеке сот орындаушылардың орындауына берілуінде. Яғни, 2010 жылдың 2-жартыжылдығына дейін МСО қарауында болған кейбір өкілеттіктердің екі жақа, МСО мен ЖСО арасында бөлінуден басталды.

Осы кезде атқарушылық іс жүргізудің құқықтық нормасында «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңымен бірқатар ұғымдар пайда болды, олардың қатарына:

1) ЖСО - ЖСО уәкілетті орган берген лицензиясы негізінде, заңды тұлға құрмай атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі жеке практикамен айналысатын Қазақстан Республикасының азаматы;

2) сот орындаушысы - атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі оларға заңнамен берілген функцияларды атқаратын және «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңда көзделген ерекшеліктерді қоспағанда, тең құқықтары мен міндеттері бар МСО және ЖСО;

4) ЖСО РП – ЖСО қызметімен іс-әрекетін үйлестірумен «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңының сақтауын іске асыратын коммерциялық бағытты көздемейтін арнайы кәсіптік бағыттағы ұйым;

5) уәкілетті орган – «Атқарушылық өндірістер туралы» Заң және де басқа да НҚА негізінде атқарушылық құжаттарды жүзеге асыру саласындағы мемлекеттік саясатты пен осы бағыттағы жұмысты мемлекеттік біріздендіру реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардан жатқызылды [6].

Еліміздің атқарушылық іс жүргізу институтына 2010 жылы енгізілген жаңашылдық кезінде сот орындаушылардың күзіретінде мынадай атқарушылық құжаттар бойынша ғана атқарушылық іс жүргізу өндірісін қозғауға күзіретті болды:

1) сотпен шығарылған актілер бойынша шығарылған атқару парағы;

2) «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңнама нормаларына сай шығарылған сот бұйрығы;

3) ҚР территориясында халықаралық, шет ел, төрелік соттармен жарияланып, шығарылған сот актілерінің негізіндегі атқару парағы;

4) мәжбүрлеп орындату туралы аралық соттардың шешімдерімен ұйғарымына сәйкес берілетін атқару парақтары;

5) ҚР ӘҚБтК кодексіне сәйкес шығарылған сот қаулысы;

- 6) ҚР ӘҚБтК негізінде құзырлы органдармен ұсынылған қаулы;
- 7) прокурордың талаптарды мәжбүрлеп орындату туралы қаулысы;
- 8) сот орындаушылардың өздерімен шығарылатын атқару санкциясын өндіру бойынша шығарылған қаулылары [6].

Осы ретте атқарушылық өндірістегі жаңадан пайда болған жеке сот орындаушыларға мемлекеттің қатысу бар істерден басқа барлық істер бойынша атқарушылық іс жүргізу жүктелді. Бұл дегеніміз – атқарушылық құжат бойынша өндіріп алушымен борышкер жеке тұлға болған жағдайда ғана атқарушылық іс жүргізуді қозғай алды.

Сонымен қатар, атқарушылық іс жүргізу саласындағы заңнамаға үнемі енгізілген өзгерістердің нәтижесінде атқарушылық құжаттар тізбесі артты.

«Атқарушылық өндірістер туралы» Заңы қабылданған сәтте, атқару құжаттарының тізбегі 8 құжаттан тұрса, осы мерзімге дейін оның қатары «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңы 9-бабына сәйкес, 10 атқару құжатымен толықтырылған. Олардың қатарына келесі құжаттар:

- 1) "Астана" халықаралық қаржы орталығы сотының шешімдері негізінде берілетін атқару парақтары;

- 2) соттардың талап қоюды қамтамасыз ету туралы немесе талап қоюды қамтамасыз етудің күшін жою туралы ұйғарымдары;

- 3) "Астана" халықаралық қаржы орталығы сотының талап қоюды қамтамасыз ету немесе талап қоюды қамтамасыз етудің күшін жою туралы бұйрықтары;

- 4) жұмыс берушінің жалақы төлеуі туралы нұсқама;

- 5) сот орындаушысының атқарушылық іс-әрекеттер жасау кезінде келтірілген шығыстарды өтеу туралы қаулысы;

- 6) ЖСО өзінің қызмет ақысының сомасын бекіту туралы қаулысы;

- 7) әкімшілік жаза қолдануға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) берген айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамалар;

- 8) атқарушылық жазба;

- 9) қылмыстық іс бойынша шығарылған мүлікке тыйым салу туралы сот қаулысы;

- 10) жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салықтық бұйрықтар енгізілді [6].

Сонымен қатар, Қазақстан да атқарушылық іс жүргізу функцияларының бір бөлігін МСО-нан ЖСО-на тапсырды. Бұндай өзгерістер «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңының бойынша атқару құжаттамаларының сот актілерінің орындалу процестерінің тиімділігін арттыруға, сонымен бірге, МСО жүктелген жүктеменің мөлшерін кемітуге әкеледі. Бұл мемлекеттегі құқықты нығайтуға, азаматтардың құқықтарының қорғалуына ықпал етті.

Сот орындаушыларының қызметін мемлекеттен жеке сот орындаушыларына беру көптеген елдерде сот төрелігі жүйесін реформалау және экономикалық жағдайларды өзгерту нәтижесінде жүзеге асырылды.

Мұның себептеріне келісілерді келтіруге болады.

Біріншіден экономикалық тұрғысынан қарасақ, 2023 жылы бір ғана мемлекеттік сот орындаушыны жалақымен қатамасыз ету үшін кем дегенде жылына 5 600 000 теңге көлеміндегі қаражатты қажет етеді, бұл жерге кеңселік және басқа да шығындарын қоспағанда. Ал, жеке сот орындаушы өзін-өзі қамтамасыз ететін субъект болып табылуына орай, мемлекет тарапынан шығындардың болуы қарастырылмайды.

Екіншіден тиімділікті арттыру жағынан жеке сот орындаушылар істерді шешуде тиімдірек және жылдамырақ болады. Өйткені олар бәсекеге қабілетті жұмыс істей отырып, қызметтердің жоғары сапасын ұсынады. Оның бір дәлелі ЖСО РП ресми сайында ЖСО-дың қызмет көрсету деңгейлеріне байланысты олардың арнайы рейтингісі қалыптастырылған. Яғни, өндіріп алушы рейтингісі жоғары жеке сот орындаушыны өзі таңдауға мүмкіндігі бар.

Үшіншіден бюрократиялық әсерлерді төмендетуге оң ықпал етеді. Себебі, ЖСО бюрократиялық әрекеттерге аз тәуелді және олар жұмысына икемді. Себебі, ЖСО үшін атқару құжаттарының орындалуы маңызды, соның нәтижесінде қызметтеріне ақы төленеді.

Төртіншіден қызмет көрсету сапасы жақсарады. ЖСО арасындағы бүгінгі таңда қалыптасқан рейтингке байланысты оларда өзара бәсекелестік пайда болып қызмет сапасын жақсартуға және кәсібилік деңгейінің артуына алып келді.

Осылайша, МСО қысқарту және функциялардың бір бөлігін ЖСО-ға ауыстыру сот шешімдерінің орындалу сапасын жақсарту және ҚР атқарушы билік жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында жасалды.

Аталған қысқартулардың басты негізі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 2015 жылы ҚР тұңғыш Президенті Н. Назарбаев қабылдануы болды. Ұлт жоспарының 27 – қадамы ЖСО-дың қызмет бағытын дамытып, МСО қызметін қысқартудан тұрды [39]. Осы Ұлт жоспарының аясында еліміздегі МСО-дың санының азайуына алып келіп, аудандық сот актілерін орындау жөніндегі бөлімдердің жабылып, нәтижесінде бірнеше аудандарды қамтитын ауданаралық бөлімдер пайда болды.

Сонымен қатар, Қазақстандағы сот орындаушылар атқарушылық іс жүргізуде белгілі бір тұрғыда құқықтарға ие болып міндеттерді арқалайды. Яғни, сот орындаушылар заңнамаға сәйкес сот шешімдерін және өзге де атқарушылық әрекеттер жасауға негіз болып табылатын құжаттарды орындауды іске асыратын уәкілетті тұлғалар болып табылады. Олар сот шешімдерінің тиімді және әділ орындалуын қамтамасыз ету үшін белгілі бір өкілеттіліктерге ие және өз қызметі үшін заңнамаға сәйкес жауап береді.

Атқарушылық құжаттардың талабын орындау үшін сот орындаушылар заңмен белгіленген нақтылы іс-әрекеттерді жүргізуі қажет. Жалпы тоқталатын болсақ, оның басы атқарушылық құжатты қабылдаған сәттен басталып, атқарушылық құжаттың мазмұнымен танысып, оның заңнамаға сәйкестігін тексереді. Одан әрі, борышкерді хабардар ете отырып, борышкердің орналасқан жері және несие берушінің талаптарын қанағаттандыру үшін пайдаланылуы мүмкін мүліктің болуы сияқты нақты орындау жағдайларын

анықтайды. Келесі кезекте, борышкердің мүлкін сатуды (бар болған жағдайда) немесе борышкердің қызметін тоқтатуды қамтуы мүмкін атқарушылық құжатты орындау тәсілін анықтайды. Борышкердің мүлкіне тыйым салу немесе орындауға кедергі келтіруі мүмкін белгілі бір әрекеттерге тыйым салу сияқты қамтамасыздық ету тетіктерін қолданады.

Осы жерде ескеретін тағы бір маңызды жәйіт, ол атқарушылық құжаттарының орындалу мерзімдері.

Атқарушылық өндіріс құжаттарының талаптарын орындау уақыттары негізінен заңнамамен көрсетіледі және де сот актісінің санатына да байланысты. Қазіргі қолданыстағы «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңының 39 – бабының нормаларына сәйкес, мерзімді өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды қоспағанда, сондай-ақ заңнамалық актілермен орындаудың өзгеше мерзімдері белгіленгеннен басқа жағдайларда, атқарушылық құжаттар бойынша сот орындаушыларының орындауы атқарушылық іс жүргізу қозғалған күннен бастап екі айдан аспайтындай мерзімде аяқталуға тиіс. Ал, құрылыстарды бұзумен, технологиялық операцияларды жүргізумен байланысты атқарушылық құжаттар бойынша, сондай-ақ мамандарды тарта отырып мүлікті бағалауды, сараптама жүргізуді, борышкердің мүлкін сатуды, іздестіруді талап ететін мүліктік өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша орындау 4 айда аяқталуы қажет [6].

Орындау уақыттары оның күрделілігіне байланысты «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңның аясында ЖСО мен өндіріп алушы тарап арасындағы жазбаша келесіммен алты айдан аспайды мерзімге ұзартылуы мүмкін [6].

Тұтастай алғанда, сот шешімдері мен басқа да атқарушылық құжаттардың тиімді және мерзімінде орындалуын сот орындаушысы заңнамаға сәйкес сақтауы тиіс.

Заңнамамен айқындалған мерзімде атқару құжаттарының талаптарын орындамаған борышкерлерге қатысты «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңының нормаларына сай, тиісті мәжбүрлеу шаралары мен белгілі бір рұқсат, лицензиялар мен бұрын берілген арнайы құжаттардың қолдану мерзімдерін тоқтата тұру туралы шаралар қолдана алады.

Сонымен бірге, борышкерді ҚР шығуға тыйым салу туралы бастамамен сотқа жүгіну құзіреті бар.

Сондай-ақ, борышкер тарапынан сот актісінің талабы орындалмаған жағдайда «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңының 125-бабына сәйкес, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген.

Бүгінгі таңда, атқарушылық өндірістің қолданыстағы заңнама нормаларында ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1- бөлігі бойынша атқару парығының талаптарын орындамаған борышкерлерге қатысты әкімшілік жауапкершілікке тарту тетігі қарастырылған.

Аталған баптың 1- бөлігінің нормасымен «сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау – жеке тұлғаларға – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес

тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамдарға, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу» санкциясы көзделген [4].

Алайда, аталған құқық нормасын қолдану бойынша бүгінгі таңда ЖСО тарапынан біршама қиындықтар туындауда. Олардың себептерінің бері жеке сот орындаушылармен атқарылатын атқару құжаттарының санатының ұлғайуы мен МСО қысқаруы.

Бұл өз кезегінде қызмет өрісі кеңейген ЖСО-дың атқаруындағы атқарушылық іс жүргізу құжаттары аясындағы сот актілерін, атқарушылық құжаттардың талабын орындамай жүрген борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тартуда біршама қиындықтар туғызды.

Себебі, соттармен қаралатын ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1- бөлігі бойынша әкімшілік хаттамалар толтыру ҚР ӘҚБтК 804-бабының 1- бөлігінің 56) тармақшасына және «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңының 126-бабына сәйкес, мемлекеттік сот орындаушыларға берілген [4].

Осы әкімшілік хаттама толтыру құзіретінің МСО-да болуы ЖСО мен атқарушылық құжаттардың талаптарын орындамаған борышкерлерді ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1- бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тарту нормасын тиімді іске асырылмай жатқандығын 2022 жылы Алматы облысының бөлінуінен құрылған Жетісу облысының 2022 жылғы жылдық есептерінің мәліметтерінен байқауға болады [40].

Ондағы басты себеп, уақытында әр аудандарда қызмет етіп келген аудандық сот актілерін орындау жөніндегі бөлімдердің жабылып, нәтижесінде бірнеше аудандар бойынша қызмет көрсететін ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі бөлімдердің пайда болуымен байланыстыруға болады.

Жалпы Жетісу облысы 8 аудандар мен 2 облыстық маңызы бар қаладан құрылып, облысы бойынша 43 жеке сот орындаушылар өздерінің қызмет аясымен Жетісу облысының барлық аудандарын қамтыған. ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1 бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтыруға облыс бойынша 8 ғана мемлекеттік сот орындаушы өкілет және олар 3 - ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі бөлімдерде қызмет атқарады [40].

Ондағы сот актілерін орындау жөніндегі бөлімдер келесідей орналасқан, Текелі қалалық сот актілерін орындау жөніндегі ауданаралық бөлімі облыс орталығы Талдықорған қаласында орналасқан және ол өз кезегінде Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Ескелді аударымен Текелі және Талдықорған қалалары аумағы бойынша қызмет атқарса, Ақсу ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі бөлімі Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандары бойынша қызмет етсе, Панфилов ауданы бір өзі сол ауданға қызмет етіп келеді.

Жоғарыда көрсеткендей облыстың 70 % аудандарымен қалаларында сот актілерін орындау жөніндегі бөлімдермен МСО-дың болмауына орай, бүгінгі

таңда ЖСО өздерінің атқаруындағы құжаттардың талаптарын орындамаған борышкерді бір ауданнан екінші ауданға ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1- бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтыру үшін жеткізу сұрағы туындауда. Бұл өзін-өзі қамтамасыз етіп отырған өз қызметіне ақыны борышкерден өндіріп алатын ЖСО үшін ең біріншіден уақыттын екіншіден қосымша қаражаттын жұмсалыуына әкеп соғады. Және де МСО тарапынан ЖСО-дың атқаруындағы атқарушылық іс жүргізу үшін әкімшілік хаттама толтыруға аса құлшынысының жоқтығын да атап өту керек. Себебі, МСО үшін ЖСО атқару өндірістері бойынша әкімшілік хаттама толтыру қосымша уақыттын жоғалтуына және сот, прокуратура органдары тарапынан үнемі бақыланып отыратындығын білуімен байланыстыруға болады.

ҚР ӘҚБтК 804 - бабының 1- бөлігінің 5б) тармақшасы мен «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңының 126 - бабының 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, атқарушылық іс жүргізудегі МСО-мен ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1- бөлігі бойынша атқару парығының талаптарын орындамаған борышкерлерге қатысты әкімшілік хаттама толтыру құзіреті берілген. Яғни, МСО өзінің және ЖСО-дың атқаруындағы атқарушылық өндірістер құжаттары бойынша әкімшілік хаттама толтырады.

Жоғарыда аталған Заңнамалық норманы қолдану үшін және өзіне жүктелген міндеттемелерді орындау мақсатында жеке сот орындаушылармен өздерінің атқаруындағы атқарушылық өндіріс бойынша борышкерді әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін мемлекеттік сот орындаушыларға жүгінеді. Өз кезегінде мемлекеттік сот орындаушымен жеке сот орындаушы тарапынан ұсынылған құжаттардың негізінде ҚР ӘҚБтК нормаларымен ҚР ӘМ 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 398 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы әділет органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізуі жөніндегі нұсқаулығын» басшылыққа ала отырып [16], ҚР ӘҚБтК 669 – бабының 1- бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтырады.

МСО мен толтырылған әкімшілік хаттама ҚР ӘҚБтК 808-бабының нормаларында көрсетілген мерзімде ҚР ӘҚБтК 684 – бабының 1-бөлігіне сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген соттардың қарауына жолданып, қаралады [4].

Сонымен қатар, әкімшілік хаттамалар МСО соттардың электрондық кабинеті арқылы жолданып, қарау нәтижесі бойынша сот қаулысын сол сот кабинетінен алу мүмкіншілігі қарастырылған.

ҚР ӘҚБтК 804-бабына сәйкес, осы Кодекстің 669-бабының 1- бөлігі мен толтырылған әкімшілік хаттамалар уәкілетті соттармен қаралды. Және де осы ҚР ӘҚБтК нормасына сәйкес, кінәсіздің презумпциясы тиісті рөл атқарады. Бұл дегеніміз- борышкерге қатысты толтырылған әкімшілік хаттама сол тұлғаның кінәлігін дәлелдемейді ол тек ҚР ӘҚБтК көзделген тәртіппен істі қараған судьяның заңды күшіне енген қаулысымен ғана кінәлілігі анықталады.

Сонымен бірге, ҚР ӘҚБтК 741 – бабының нормаларына сай, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-

жайлардың санаты көрсетілген. Осы төменде көрсетілген мән-жайлардың ең болмағанда біреуі болған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді бастауға болмайды, ал басталған іс тоқтатылуға жатады:

- 1) әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының болмауы;
- 2) әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауы,
- 3) әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңның немесе оның жекелеген ережелерінің күші жойылуы;

4) егер әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңды немесе оның жекелеген ережелерін немесе іс-әрекетті әкімшілік құқық бұзушылық ретінде саралау соған байланысты болатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы осы істе қолданылуға жататын өзге де нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының конституциялық емес деп тануы;

5) әкімшілік жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімдерінің өтуі;

б) әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғаға қатысты нақ сол факт бойынша судьяның, органның (лауазымды адамның) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысының не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі тоқтату туралы күші жойылмаған қаулының болуы, сондай-ақ нақ сол факт бойынша тұлғаны күдікті деп тану туралы қаулының болуымен не өзіне қатысты іс бойынша іс жүргізіліп жатқан жеке тұлғаның қайтыс болуы жағдайында тоқтатылады [4].

Бұл дегеніміз ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1- бөлігімен толтырылған әкімшілік хаттаманың заңдылығымен оны толтыру негізінің бар жоғына сотпен баға берілетіндігін ескеру қажет. Әкімшілік хаттама бойынша жауапқа тартылушы тұлғаның кінәсіздігі сотпен анықталған жағдайда сот әкімшілік істі тоқтату туралы қаулы шығарып, қосымша Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 270-бабының нормасына сәйкес, жауапты тұлғаға қатысты жеке ұйғарым шығарады.

«Сот актілерін орындамағаны үшін жауаптылық туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N12 нормативтік қаулысымен атқарушылық құжатты орындауға мүмкін болмай тұрғаның растайтын мән-жайлар тізбесі анықталған, олардың қатарына келесі санаттағы тізбелер жатқызылған:

1) жұмыс берушінің жалақыны төлемеуі, егер олар жалғыз кіріс көзі болып табылса;

2) зейнетақы мен жәрдемақы төлеуді тоқтату немесе тоқтата тұру;

3) мүгедектік;

4) борышкер емделуде болатын және еңбекке қабілетсіздігі бойынша жәрдемақы мен жалақы алмайтын ұзақ мерзімді сырқаттану;

5) сот қаулысы бойынша алкогольизмнен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан және туберкулезден мәжбүрлеп емдеуде болу;

б) борышкер бұрын меңгермеген мамандық бойынша болашақта басқа жұмыс алуына байланысты қайта оқыту және басқалар болуы [13].

Осыған орай, сот орындаушымен атқарушылық өндірістегі құжат бойынша борышкерді әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін жоғарыда

аталған негіздердің бар/жоғын ескере отырып әкімшілік хаттама толтырылады.

Сонымен бірге, сот орындаушымен толтырылатын әкімшілік хаттама іс жүзінде қолданыстағы ҚР ӘҚБтК нормасына сәйкес, деректерді белгілейтін құжат болып табылады, оның негізінде әкімшілік хаттаманы қарайтын судья әкімшілік құқық бұзушылық фактісінің бар/жоғын анықтайды. Және де әкімшілік хаттамада тұлғаның іс бойынша түсініктемесі мен істі қарау үшін қажетті өзге де мәліметтер қамтылады.


Соның негізінде, әкімшілік хаттаманы борышкер тарапынан атқарушылық іс жүргізу құжатының талаптарын орындамау жағдайы бойынша әкімшілік бұзушылық туралы деректі рәсімдейтін құжат ретінде қарастыру қажет. Себебі, сот орындаушымен толтырылатын әкімшілік хаттаманың заңдылығына уәкілетті сотпен баға беріледі.



## Жүргізілген талдаулар мен зерттеулердің нәтижелері

Атқарушылық өндіріс саласын одан әрі жетілдіру мақсатында Жетісу облысының атқарушылық құжаттарының орындалудың қазіргі таңдағы қалыптасқан тәртібін зерделеудің маңыздылығын ескеріп, тиісті шешім қабылдау үшін деректерді жинақтай отырып статистикалық талдау жүргізілді. Аталған талдау 2022 жылдың 8 маусымында құрылған Жетісу облысының атқарушылық өндірісі аясында атқарушылық құжаттарды орындау барысындағы статистикалық мәліметтері алынды. Жаңадан құрылған Жетісу облысы Алматы облысының бөлінуінің нәтижесінде пайда болып, ол 2 қаладан және 8 аудандардан құралған [41].

Сонымен қатар, ауқымды талдау жүргізу негізімен қосымша Алматы облысының 2020 жыл мен 2021 жылдарының статистикалық мағлұматтары да қаралды. Жетісу облысы ӘД ішкі есебінен алған мәліметтерге сәйкес, облыс бойынша жалпы атқарушылық өндірісті атқаруға өкілеттігі бар 51 сот орындаушы қызмет атқарады. Олардың 43 – жеке сот орындаушылар болса, 8 мемлекеттік сот орындаушылар (оның ішіндегі 3 - аға сот орындаушылар) болып табылады [40]. Ондағы ЖСО-дың саны МСО-дан 68,6% көп екендігі байқалады (Сурет-1).



## 1 - сурет - Атқарушылық өндірісті жүргізетін тұлғалар саны

Ескертпе – Автор Алматы және Жетісу облыстарының әділет департаменттерінің деректерінің негізінде жасаған [22, 40]

ЖСО-дың қызметімен облыстың барлық 10 аудандарымен қалалары қамтылса, МСО облыс аумағында бірнеше аудандар мен қалаларды біріктіре отырып құрылған Панфилов, Текелі, Ақсу ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлімдерінде қызмет атқарады.

Облыс аударындағы МСО-дың қысқарып, олардың үлестерінің азайуы мен ЖСО-ның санының артуына Ұлт жоспарының – 5 институционалдық реформасының іске асыру туралы ҚР тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2015 жылғы «100 нақты қадам» бағдарламасы ұйытқы болды [39].

100 нақты қадам бағдарламасының 27 – қадамы ЖСО-дың қызмет бағытын дамытып, МСО қызметін қысқартудан тұрды [39]. Соның нәтижесінде облыстың 7 ауданы МСО мен қамтамасыз етілмеген және де ол өз кезегінде жалпы атқарушылық іс жүргізу жүйесіне кері әсер етеді. Осы кері әсер ету фактісін алдын алу мақсатында тұрақты түрде қолданыстағы Заң нормаларына талдау жүргізілу қажет.

Сонымен қатар, атқарушылық құжаттар бойынша борышкерлер аудан немесе қала орталықтарында ғана тұрмайтындығын ескерсек, облыстың бір ауданы кем дегенде 9 ауылдық округтен 22 ауылдық округтерден құралғандығын ескеру керек (Кесте-2).

2 – кесте. Ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі бөлімдердің орналасу жағдайымен оларға қатысты деректер.

Жетісу облысының ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі бөлім атаулары	Картадағы сандар бойынша аудан/қалалардың орналасуы	Жетісу облысындағы аудан атаулары (ауылдық округтер саны)	Аудан/қалалардың жалпы көлемі
Ақсу ауданаралық аумақтық бөлімі	1	Ақсу ауданы (17)	12 600 км <sup>2</sup>
	2	Алакөл ауданы (22)	23 700 км <sup>2</sup>
	8	Сарқан ауданы(12)	24 400 км <sup>2</sup>
Текелі ауданаралық аумақтық бөлімі	3	Ескелді ауданы(10)	4300 км <sup>2</sup>
	4	Қаратал ауданы (9)	24 200 км <sup>2</sup>
	5	Кербұлақ ауданы (15)	11 500 км <sup>2</sup>
	6	Көксу ауданы (10)	7 100 км <sup>2</sup>
	9	Талдықорған қаласы (2)	74 км <sup>2</sup>
	10	Текелі қаласы (1)	174 км <sup>2</sup>

<b>Панфилов ауданаралық аумақтық бөлімі</b>	7	Панфилов ауданы (13)	10 600 км2
Ескертпе – Автор Жетісу облысының аудандары мен қалаларына қатысты деректерінің негізінде жасаған [41]			

Ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі бөлімдер бір ауданда орналасқанымен оған тиесілі бірнеше аудандарға қызмет ету міндеттері жүктелгенімен сол аудандарда тұрып қызмет атқаратын МСО болмауы.

Сонымен қатар, Жетісу облысы ӘД мәліметіне сәйкес, 2022 жылы 216 667 атқарушылық іс жүргізу құжаттары болса, оның 215 927 жеке сот орындаушылардың атқаруындағы құжаттар, ал 740 мемлекеттік сот орындаушылардың өндірісіндегі істер болып табылады [40]. Бұл дегеніміз, МСО-дың қарауындағы құжаттардан ЖСО мен қозғалған атқарушылық іс жүргізу өндірістерінің үлесінің 99,3% артық екендігін көрсетеді (Сурет - 2).



2 – сурет - Атқарушылық өндірістің саны

Ескертпе – Автор Алматы және Жетісу облыстарының әділет департаменттерінің деректерінің негізінде жасаған [22, 40]

Аталған үлестердің артуы атқарушылық өндіріс саласындағы НҚА жүргізілген өзгертер мен толықтырулардың нәтижесінде орыналды. «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңының 138-бабының 1-тармағына сәйкес, МСО мен қозғалатын атқарушылық өндірістердің санаттары келесідей атқарушылық құжаттармен шектелді. Олардың ішіне:

- 1) мемлекеттен өндіріп алу;

2) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке және олармен үлестес заңды тұлғаларға тиесілі заңды тұлғадан өндіріп алу;

3) табиғи монополиялар субъектілерінен өндіріп алу;


4) өндіріп алу мөлшері бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын соманы мемлекет пайдасына өндіріп алу;

5) мүлікті тәркілеу не мүлікті мемлекетке беру туралы;

6) мемлекет мүддесіне жүргізілетін үйден шығару, үйге қоныстандыру, үйлерді бұзу, жер учаскелерін алып қою және басқа да істер кірді [6].

Ал, ЖСО-дың атқарушылық өндірістегі құзіретіне тараптары жеке тұлғалар мен мемлекеттің қатысу 50 % кем заңды тұлғалардан және де мемлекетке берешегі 100 айлық есептік көрсеткіш көлемінен төмен қарыздарды өндіріп алу құжаттары бойынша істерді жүргізеді.

Сонымен қатар, «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңына сәйкес, алимент өндіру бойынша істер әлеуметтік маңызы бар санаттарға жатады және де осы істерді жүргізу ЖСО құзіретіне берілген (Сурет - 3).



3 – сурет - Алимент бойынша көрсеткіштер

Ескертпе – Автор Жетісу облысының әділет департаментінің деректерінің негізінде жасаған [40]

ЖСО өз өздерін қаржыландыратын және қызметінің өтем ақысын атқарған жұмысының нәтижесі есебінен алатын субъект ретінде қарастырсақ, ЖСО үшін алимент бойынша атқарушылық өндірістер жүргізу тиімсіз және оны олар табыс көзі ретінде қарамайды. Себебі, «Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 437 қаулысына сәйкес, алименттерді өндіріп алу бойынша қозғалған атқарушылық істер бойынша тоқсанына 1 айлық есептік көрсеткіш көлемінде ғана ақы төленеді [15]. Мысалға, жеке сот орындаушы 2022 жылы алимент өндірісі бойынша тоқсанына 3063 теңге алумен ғана шектелді.

Осы орайда, ӘМ әлеуметтік маңызы бар санаттағы проблемалық атқарушылық құжаттарды орындау бойынша шығындарды жабу мақсатында ЖСО кепілді заң көмегі көрсетіледі (Сурет - 4).




4 – сурет - Республика бойынша әлеуметтік маңызы бар санаттағы істерді қаржыландыру

Ескертпе – Автор ӘМ ресми сайтынан алынған деректерінің негізінде жасаған [19]

Сот орындаушылармен борышкерге қатысты ықпал ету шараларын қолданғаннан кейін атқарушылық парағының талабы орындалмаған жағдайда борышкерге осы «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңының 125-бабына сәйкес, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген.


Соның нәтижесінде 2022 жылы Жетісу облысы бойынша 165 әкімшілік хаттама толтырылған. Олардың 155 ЖСО-дың орындауындағы атқарушылық өндірістер бойынша болса, қалған 10 МСО-дың атқаруындағы атқарушылық құжаттар бойынша тартылған (Сурет -5).



**5 – сурет - ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1- бөлігі бойынша жауапқа тартылғандар**

Ескертпе – Автор Алматы және Жетісу облыстарының ӘД деректерінің негізінде жасаған [22, 40]

Осы орайда, Жетісу облысы бойынша 2022 жылы әкімшілік жауапкершілікке тартылған борышкерлердің санатын анықтау бойынша құжаттар қаралып, нәтижесінде ЖСО мен қозғалатын әлеуметтік маңызы бар (алимент) атқарушылық құжаттар бойынша қозғалған істердің басымдығы анықталды (Сурет-6).



**6 – сурет - ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1 - бөлігі бойынша толтырылған әкімшілік хаттамалар**

Ескертпе – Автор Жетісу облысының ӘД деректерінің негізінде жасаған [40]

Жоғарыда келтірілген мәліметтер атқарушылық іс жүргізу саласына қатысты қолданыстағы НҚА дұрыс талдауға септігін тигізді.

Келесі кезекте, атқарушылық өндірісті жүргізу қызметі өз алдына уәкілетті органнан алдын ала алынатын арнайы лицензияның негізінде атқарылатындығын ескеріп, осы бағыттағы кәсіби мамандардың пікірі атқарушылық іс жүргізуді жетілдіруге мүмкіндік береді.

Осы орайда, Жетісу облысы бойынша сот актілерімен өзге де атқарушылық құжаттарды орындауға өкілеттілігі бар 51 сот орындаушылар тарапынан атқарушылық өндірістер жүргізу барысында туындайтын сұрақтармен оларды шешу бойынша ұсыныстарын қамту мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізілді.


Сауалнамаға жалпы 71 тұлға қатысып, қатысушылардың 64,8 % немесе 46 сот орындаушыларды құраса, қатысушылардың 85,9 % заңгерлік мандығы бар тұлғалардың қатысқандығын аңғартты (Сурет-7,8).

Бұл өз кезегінде сауалнамада көтеріліп отырған сұрақтарға заңгерлік көзқарас тұрғысынан қаралатындығын көрсетеді.

Сіз жеке сот орындаушылардың қызметімен қандай жағдайда таныс болдыңыз?

При каких обстоятельствах вы были знакомы с деятельностью частных судебных исполнителей?


71 ответ



Сурет - 7 - Сауалнамаға қатысқан сот орындаушылар саны

Мамандығыңыз/Специальность:

71 ответ



Сурет - 8 - Сауалнамаға қатысқан мамандықтар бойынша мәлімет

Ескертпе – Автормен әлеуметтік сауалнама қорытындысының негізінде жасалынды


Ескертпе – Автормен әлеуметтік сауалнама қорытындысының негізінде жасалынды

Статистикалық талдау барысында анықталғандай қазіргі таңда атқарушылық іс жүргізу құжаттарының 99 % жоғарғысы ЖСО қарауында болуына орай, сауалнама арқылы ЖСО берілген құзірет жеткілікті ме деген сұраққа? Респонденттердің 57,7 % құзіреттерді кеңейтуге, 19,7 % кейбір құзіреттерді беру қажеттігіне, ал 19,7 % құзіреттерді жеткілікті деп жауап берген (Сурет-7). Нәтижесінде, сауалға қатысушы тұлғалардың 80 % астамы ЖСО құзіретінің жеткіліксіздігін және оны кеңейтуді көздейтіндігін көруге болады.

*Сіздің ойыңызша жеке сот орындаушыларға берілген құзірет жеткілікті ме?*

*Достаточно ли, на ваш взгляд, полномочий, предоставленных частным судебным исполнителем?:*

71 ответ



Сурет - 7 – ЖСО берілген құзірет аясы бойынша


Ескертпе – Автормен әлеуметтік сауалнама қорытындысының негізінде жасалынды

Сондай-ақ, ЖСО-дың құзіретінің жеткілікті болмауы атқару құжатының уақытылы аяқталуына кедергі келтіру мүмкіндігіне қатысты сауалға, сауалнама қатысушыларының 77,5 % «иә» деп жауап берсе, 11,3 % «жоқ», ал 8,5 % «ия жартылай» деп жауап қатқан. Яғни, құзіреттердің жеткілікті деңгейде болмауы атқару құжатының мерзімінде орындалуына кедергі келтіреді деген ұстанымды ұстанып отырғандығын аңғаруға болады (Сурет-8).

*Жеке сот орындаушылардың құзіретінің жеткілікті болмауы атқару құжатын уақытылы аяқтауға кедергі болады ма?*

*Будет ли недостаточность компетенций частных судебных исполнителей препятствовать своевременному завершению исполнительного документа?:*

71 ответ



Сурет - 8 – ЖСО құзіретінің жеткілікті болмауы орындаушылыққа кедергі келтіру аясы бойынша

Ескертпе – Автормен әлеуметтік сауалнама қорытындысының негізінде жасалынды



Қазіргі Заң нормасына сәйкес, ҚР ӘҚБтК 669 – бабының 1- бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтыру құзіреті МСО-ға берілген.

Алайда, статистикалық талдауда көрсеткендей атқарушылық құжаттардың көлемі МСО мен салыстырғанда ЖСО ауқымды екендігі анықталды. Осы себепті, респонденттер арасында атқарушылық құжаттарды орындамаған үшін борышкерге әкімшілік хаттама тек МСО мен толтырылу тәртібіне қатысты пікірін білу мақсатындағы сұраққа сауалға қатысушылардың 39,4 % аталған тәртіппен келіспесе, 32,4 % МСО болуын дұрыс деп бағалаған, ал қалған 28,2% әкімшілік хаттама толтыру құқығы МСО мен ЖСО ортақ болу қажет деген (Сурет-9). Яғни, сауалнамаға қатысушылардың 67% астамы қазіргі таңдағы МСО әкімшілік хаттама толтыру тәртібін құптамай отырғандығын көрсетеді.

*Атқарушылық құжаттарды орындамағаны үшін борышкерге әкімшілік хаттама тек мемлекеттік сот орындаушылармен толтырылады, Сіз бұл тәртіппен келісесіз бе?*

*Административный протокол к должнику за неисполнение исполнительных документов составляется только государственными судебными исполнителями, согласны ли вы с этим порядком?:*

71 ответ



Сурет - 9 – Әкімшілікті хаттаманы МСО толтыру бойынша пікірлері

Ескертпе – Автормен әлеуметтік сауалнама қорытындысының негізінде жасалынды

Келесі кезекте, ҚР ӘҚБтК 669 – бабының 1- бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтыру құзіреті МСО да болуына орай, ЖСО-да осы қалыптасқан тәртіпке сәйкес борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тартуда қиындықтар бар ма? деген сауалға респонденттердің 81,7 % қиындықтар бар десе, 9,9 % егер, борышкер алыста тұрса қиындықтар бар деп көрсеткен, ал 8,5% қиындықтар жоқ деп жауап берген, бұл дегеніміз сауалға қатысушылардың 90% астамы қиындықтардың барлығын көрсетіп тұрғандығын көруге болады (Сурет-10).

**Жеке сот орындаушымен борышкерді әкімшілік жауапкершілікке тартуда қиындықтар бар ма?**

**Есть ли у частного судебного исполнителя трудности с привлечением должника к административной ответственности?**

71 ответ



Сурет - 10 – Әкімшілік хаттама толтырудағы қиындықтар бойынша


Ескертпе – Автормен әлеуметтік сауалнама қорытындысының негізінде жасалынды

Жоғарыда келтірілген сауалдың нәтижесінде ҚР ӘҚБтК 669 – бабының 1- бөлігімен әкімшілік хаттама толтыруда қиындықтар барлығы респонденттердің 90 % атап өтті. Осы тұста, сауалнамаға қатысушы кәсіби мамандарға борышкерді әкімшілік жауапкершілікке тартуда қандай қиындықтар (кедергілер) жиі кездеседі деген сауалға респонденттердің 32,4 % қаржылық, 53,5 % жолдың қашықтығын, ал 54,9 % бір күндік уақыттың жұмсалуды атап өткен (Сурет-11). Осының нәтижесінде, қалыптасқан тәртіпке сәйкес МСО әкімшілік хаттама толтырудың бір неше кедергілері анықталды.

**Борышкерді әкімшілік жауапкершілікке тартуда қандай қиындықтар (кедергілер) жиі кездеседі? (бірнеше нұсқаны таңдауыңызға болады)**

**Какие трудности (препятствия) чаще всего возникают при привлечении должника к административной ответственности? (возможно выбрать несколько вариантов)**

71 ответ



Сурет - 11 – Әкімшілік хаттама толтырудағы туындайтын қиындықтар

Ескертпе – Автормен әлеуметтік сауалнама қорытындысының негізінде жасалынды


Сауалнамаға қатысушы респонденттердің 80 % астамы борышкерді әкімшілік жауапкершілікке тарту барысында қиындықтардың туындайтындығын және ол тиісті құзіреттің жоқтығынан орын алғандығын меңзеуіне орай, ЖСО әкімшілік хаттама толтыру құқығын беру арқылы қиындықтарды азайтуға болады ма және де аталған құзіретті беру оңтайлы ма деген сауалдар қойылды.

Нәтижесінде респонденттердің 91,5 % қиындықтарды азайтуға әсер етеді деп жауап берсе, 8,5 % қиындықтардың азайуына септігін тигізбейді деген ұстанымды ұстанған. Ал, әкімшілік хаттама толтыру құзіретін ЖСО беру оңтайлы болады деген көзқарасты сауалнамаға қатысушылардың 84,5 % ұстанса, қалған 15,5 % аталған пікірмен келіспейтіндігін білдірген (Сурет-14,15).

Жеке сот орындаушыға әкімшілік хаттама толтыру құқық беру арқылы көрсетілген қиындықтарды азайтуға болады ма?

Можно ли уменьшить указанные трудности, предоставив частному судебному исполнителю право на составление административного протокола?

71 ответ




Сурет - 14 – ЖСО әкімшілік хаттама толтыру арқылы қиындықтарды азайту бойынша

Атқару құжатының талабын орындамаған борышкерге әкімшілік хаттама толтыру құқығын жеке сот орындаушыға беру оңтайлы ма?

Оптимально ли передать право частному судебному исполнителю составление административного протокола должнику, не исполнившему требование исполнительного документа?

71 ответ



Сурет - 15 - ЖСО әкімшілік хаттама толтыру құқығын берудің оңтаулығы бойынша

Ескертпе – Автормен әлеуметтік сауалнама қорытындысының негізінде жасалынды

Ескертпе – Автормен әлеуметтік сауалнама қорытындысының негізінде жасалынды

Сонымен бірге, ЖСО әкімшілік хаттама толтыру құзіретінің болмауы борышкер тарапынан жауапсыздықтың туындауына алып келеді ме? деген сұраққа респонденттердің 66% иә деп жауап берсе, 23,9 % мүмкін, себебі борышкерді тапқан сол жерде жауаптылыққа тарта алмайтындығын айтса, 15,5 % борышкер тарапынан жауапсыздықтың туындауына алып келмейтіндігін атап отыр (Сурет-16).

*Жеке сот орындаушыда борышкерге қатысты әкімшілік хаттама толтыру құқығының болмауы борышкер тарапынан жауапсыздық туындатады ма?*

*Влечет ли отсутствие у частного судебного исполнителя права на составление административного протокола в отношении должника безответственность со стороны должника?*

71 ответ



Сурет - 16 – ЖСО әкімшілік хаттама толтыру құқығының болмауынан борышкердің жауапсыздығы бойынша

Ескертпе – Автормен әлеуметтік сауалнама қорытындысының негізінде жасалынды

Осы жүргізілген әлеуметтік сауалнама барысында қазіргі таңдаға қолданыстағы кейбір құқық нормаларының тиімді жұмыс жасамау тетіктерін анықтауға мүмкіндік алынды. Және де алынған нәтижелерді одан әрі зерттеу мақсатында сарапшылық сұхбат жүргізілді.

Сарапшылық сұхбатқа жоба аясында осыған дейін жүргізілген зерттеулер барысында алынған деректерге қатысты кеңінен мәлімет алу мақсатында осы бағытта қызмет атқаратын МСО мен ЖСО және сот орындаушылардың қызметіне бақылау жасайтын ӘД өкілімен сот актілерін шығаратын сот жүйесі өкілдерінен тұратын сарапшылармен сұхбат өткізілді.

Жалпы сұхбаттың мақсаты атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру болып табылғанына орай, сарапшылардан аталған бағытта сұрақтар қойылды.

1-сарапшы ер адамның пікірінше атқарушылық іс жүргізуге қатысты Заңдарды қабылдауда жергілікті жерлердегі сот орындаушылардың пікірін ескеру керек, не болмаса Заңнамалық актілердің алғашқы жобалары жергілікті жерлердегі сот орындаушылармен жоғары тұрған уәкілетті органдарға ұсынылуы қажет. Өз кезегінде орталық мемлекеттік орган әр өңірден ұсынылған жобаларды зерделей келе тиісті НҚА қабылдауға мүмкіндік береді. Себебі, аумақтардағы сот орындаушылар іс жүзінде практиктер болып табылады және атқару құжатын уақытылы орындалуына өндіріп алушы сияқты мүдделі деген пікірін білдірді.

4-сарапшы әйел адамның пікірінше сот актілерінің орындалуы ол сол сот актісінің шығаратын соттар үшін де маңызды. Сот актілерінің тиімділігі сол шешімдері мен қаулыларының орындалуында. Өкінішке орай,

шығарылған атқару парақтарының жылдап орындалмай жату деректері де жиі кездеседі. Осындай жағдайлардың орын алмауын алдын алу үшін атқару құжаттарының орындалмау себептеріне үнемі талдау жасай отырып, себептерін анықтап, сол бағытта жұмыстар жүргізу қажеттігіне тоқталды.

2 және 3- сарапшы әйел адамдар қазіргі таңда МСО-ды қысқартылуына орай, 2 - 3 МСО-ға бірнеше аудандар бойынша қызмет атқару міндеті жүктелген. Ол өз кезегінде жұмыстын тиімді жүргізілуіне кедергісін келтіреді. Сонымен қатар, МСО мен ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1- бөлігі бойынша ЖСО-дың атқаруындағы атқарушылық іс жүргізу құжаттарының борышкерлерін әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін әкімшілік хаттама толтыруға мүдделі еместігін атап өтті. Себебі, әкімшілік хаттаманы дұрыс толтырмаған жағдайда әкімшілік істерді қарайтын сотпен МСО атына жеке ұйғарым шығарылып, әкімшілік іс қысқаратындығын ол өз кезегінде МСО тәртіптік жауапкершілігі қаралып, қосымша берілетін үстем ақыны алмай қалу қаупі туындайтындығын атап өтті.

ЖСО қарауындағы істер бойынша ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1- бөлігімен әкімшілік хаттама толтыру құқығын беру қажет деген пікірін білдірді.

5, 6, 8-сарапшы ер адамдармен 7-сарапшы әйел адам қазіргі кездегі атқарушылық іс жүргізудің негізгі көлемі ЖСО үлесінде болуына орай, азаматтар тарапынан біздердің әрекеттерімізді әкімшілік соттарда даулау деректері көбейіп кетті. Сот орындаушы үшін әкімшілік сотқа пікір жазу, сот процессіне қатысу белгілі бір уақытты алады. Негізінен шағыммен жүгінген тұлғаның арызы сотпен қаралу барысында сот орындаушы тарапынан шығарылған қаулының күші «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңының 10-бабының нормасына сәйкес, сол ЖСО қаулысымен күші жойылып, сот процестері аяқталып жатады. Яғни, жеке сот орындаушы қаулыларын әкімшілік сот арқылы дауламай тікелей сот орындаушыға жүгінген жағдайда уақыт үнемделіп, туындаған келенсіз жағдайларды жедел шешуге мүмкіндік болады. Аталған сұрақты шешу үшін ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сот орындаушылардың әрекетін қатысты шағымды сотқа дейінгі реттеу тәртібімен шешу нормасын енгізу қажет. Яғни, талапкер әкімшілік сотқа жүгінбес бұрын бірінші сот орындаушыға жүгініп, одан әрі жеке сот орындаушы арызды қанағаттандырмаған жағдайда әкімшілік сотқа жүгіну тетігін ұсынды.

Сонымен қатар, «Атқарушылық өндірістер туралы» Заңның 99-бабының нормасына сәйкес, әлеуметтік маңызы бар істер санатына жататын алимент бойынша борышкер болып табылатын әкесі немесе анасы өздерінің жалақы алатындығын дәлілдей алмаған жағдайда тоқсан сайын сот орындаушы алименттік қарызды ҚР орташа айлық жалақы мөлшерінде есептеу негізін өзгертуді ұсынды. Және де Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының ресми сайтынан Қазақстан Республикасы бойынша орташа айлық жалақының мөлшері алынатындығын атап өтті (Кесте-3).

### Кесте – 3 – Орташа айлық көрсеткіштері

Тоқсандық көрсеткіш	ҚР бойынша орташа айлық көрсеткіші	Жетісу облысы бойынша орташа айлық көрсеткіші	Ең төменгі жалақы мөлшері
2023 жыл 1-тоқсан	340 636 теңге	246 203 теңге	70 000 теңге
Ескерту – Автормен ҚР Ұлттық статистика бюросы сайтының дерегінің негізінде жасалында [20]			


Алайда, Жетісу облысында тұратын алимент бойынша борышкердің берешегін есептеуде ҚР бойынша орташа айлық көрсеткішіне жүгінудің орнына сол борышкер тұратын облыстың орташа айлығының негізінде есептеу әділ болатындығын да атап өтті. Себебі, 2023 жылдың 1-тоқсаны бойынша Республика көрсеткішімен Жетісу облысының көрсеткіштерінің арасындағы айырма сомма 94 433 теңгені құрайды. Бұл тұрақты қаражат көзі жоқ борышкер үшін ауқымды сомма және де ол ҚР ең төменгі жалақы көлемінен де артып тұрғандығына тоқталды.

Сонымен бірге, аталған сұрақ осы жобалық жұмысты зерттеу аясындағы әлеуметтік сауалнамада көтеріліп, сауалнамаға қатысушы респонденттердің 60,6% берешек бойынша қарызды есептеуді Республика көрсеткішіне жүгіну дұрыс емес деп жауап берсе, 35,2 % қазіргі кезде қалыптасқан тәртіпті қолдаған (Сурет-17).

*Алимент бойынша берешектің көлемі ҚР-дағы орташа айлық жалақының мөлшері негізінде анықталатынын әділ деп санайсыз ба?*

*Считаете ли Вы справедливым определение задолженности по алиментам на основе средней месячной заработной платы в РК?*

71 ответ



Сурет - 17 – Алимент бойынша есептеуге қатысты респонденттер пікірі

Ескертпе – Автормен әлеуметтік сауалнама қорытындысының негізінде жасалынды

Сонымен бірге, аталған сауалға қатысқан сарапшылардың ішіндегі 4-сарапшы әйел адамнан басқа, сарапшылар қазіргі таңда атқарушылық іс жүргізу құжаттарының 90% астамы ЖСО қозғалуына орай және де МСО мен барлық аудандар мен қалалардың қамтылмауының негізінен ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтыру құзіретін жеке сот орындаушыларға беру қажет деген ортақ пікірлерін білдірді. Құзіретті беру қажеттілігін келесі себептермен түсіндірді;

1) ЖСО өзін-өзі қаржыландыратын субъект және де борышкерді әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін қосымша қаражат жұмсалатындығын;

2) 1 ғана әкімшілік хаттама толтыруға кем дегенде бір күн көлемінде уақыттың қажеттігін;

3) МСО-лар ЖСО мен дайындалып, ұсынылған құжаттардың негізінде әкімшілік хаттама толтыратындығын;

4) қазіргі кезде ЖСО болып қызмет атқарып жүрген тұлғалардың 90% астамы осыған дейін МСО болып қызмет атқарғандығын және әкімшілік хаттама толтыру тұрғысынан іс тәжірибелері барлығын;

5) ЖСО қарауындағы атқарушылық іс жүргізу құжаттары бойынша жауаптылық тек ЖСО болуына орай, МСО-мен аталған істер бойынша әкімшілік хаттама толтыруға құлшыныстарының жоқтығын қосымша атап өтті.

Сонымен бірге, ағымдағы жылдың 17-мамыр күні ЖСО қызметі бағытында ЖСО РП басқарма төрағасына магистрлік жобасы аясында көтеріліп отырған сұрақтың актуалдылығына қатысты сұрақ қойылып, нәтижесінде ЖСО РП да осы бастама аясында жұмыстар атқарып жатқандығы туралы хабардар болдым [42].

Жүргізілген зерттеу әдістерін саралай келе, келесідей тұжырымдар қалыптасады.

Атап айтқанда, статистикалық талдауға сәйкес, қазіргі таңдағы атқарушылық құжаттарының (саны 215 927) 99 % астамы ЖСО атқаруында екендігі анықталса, сол 215 927 атқару өндірісі бойынша атқару құжаттарының талабын орындамаған 155 қана атқару өндірісі бойынша ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1- бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтырылғандығы анықталды.

Сонымен қатар, бүгінгі таңдағы НҚА нормасына сәйкес, ҚР ӘҚБтК 669-1- бөлігі бойынша тек МСО әкімшілік хаттама толтыра алатындығын ескерсек, Жетісу облысы бойынша 8 ғана МСО барлығы және олар облыстың 70 % аударымен қалаларын қамтымайтындығы анықталды.

Аталған жағдайдың орын алу дерегі әлеуметтік сауал мен сарапшылық сұхбат жүргізу арқылы анықталды. Яғни, қазірге қолданыстағы ҚР ӘҚБтК 669-1- бөлігі бойынша құқық нормасының тиімді жұмыс атқармай отыруының негізгі себептері, МСО қысқаруымен ЖСО осы аталған норма бойынша әкімшілік хаттама толтыру құзіретінің болмауынан туындап отыр.

Атқару құжатының талабын орындамай мемлекетпен әр азаматтың құқығының қорғалуына берілген кепілдігінің бұзылуына алып келетін

борышкерлердің әрекеттерін алдын алу мен қолданыстағы Заңнамен берілген нормалардың тиімділігін арттыру мақсатында ЖСО-дың қарауындағы атқарушылық өндірістегі құжаттар бойынша ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1-бөлігінің негізінде әкімшілік хаттама толтыру күзіретін беру тиімді.

Келесі кезекте ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1- бөлігі бойынша ЖСО борышкерге қатысты әкімшілік хаттама толтырудың қазіргі және алдағы процесстері қысқаша төмендегі сызба түрінде баяндалды (сурет-18).



## БІР АТҚАРУ ӨНДІРІСІ БОЙЫНША ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУ ПРОЦЕССІ

ҚАЗІР



БОЛАШАҚТА



АСБ/МСО – ауданаралық сот актілері бөлімі (3 ауданда ғана бар)/мемлекеттік сот орындаушылар;  
 ЖСО – жеке сот орындаушылар;  
 ӘКІМСОТ – әкімшілік істерді қарайтын әкімшілік сот;  
 УҚИ – уақытша қамау изоляторы.

Сурет - 18 – Әкімшілік жауапкершілікке тарту процесі

Ескертпе – Автормен қолданыстағы тәжірибе негізінде жасалынды

## Қорытынды

Қорытындылай келе, ҚР Атқарушылық іс жүргізудің дамуы мемлекетпен берілген кепілдіктің және құқықтардың қорғалу тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Күшті институтсыз азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға кепілдік беру, сондай-ақ қоғамдағы әділеттілік пен заңдылықты қамтамасыз ету мүмкін емес. Сондықтан, сот төрелігі мен азаматтардың құқықтарын қорғау саласында жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін осы институтты нығайту және дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Атап айтқанда, жеке сот орындаушыларға әкімшілік хаттама толтыруға өкілдік беру қажет және де ол қазіргі қоғам талабынан туындап отырған қажеттілік. Оның өзін жүргізілген талдаудың нәтижесінен көруге болады. Яғни, Жетісу облысы бойынша атқарушылық құжаттардың (саны 215 927) 99 % астамы жеке сот орындаушылардың атқаруында болғанымен атқару құжаттарының талабын орындамаған 155 атқару өндірісі бойынша ғана ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1- бөлігімен әкімшілік хаттама толтырылған. Осыған орай, жеке сот орындаушыларға ҚР ӘҚБтК 669-бабының 1- бөлігі бойынша хаттама толтыру құзіретін беру арқылы қолданыстағы құқық нормасының қолдану тиімділігі артады.

Бұл мемлекеттік органдарға жүктемені қысқартуға және заң бұзушылықтарға ден қою жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді. Және де осы институтты нығайту мен азаматтардың жалпы сот төрелігіне деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен бірге, жеке сот орындаушыларда бүгінгі таңда, әкімшілік хаттама толтыру құқығына ұқсас өзгеде құқықтарға ие екендігін және де ол құқықтарды жеке сот орындаушылар сотқа жүгіну арқылы жүзеге асыруда.

Атап айтсақ, борышкерді ҚР аумағынан тысқары шығуына шектеу қою, арнайы лицензияның әрекет етуімен көлік құралдарын жүргізуге рұқсат беретін құжаттын қолданылуын тоқтата тұру тәрізді құқықтар.

Осы негізде, жеке сот орындаушыларға ұсынылып отырған әкімшілік хаттама толтыру құқығы да сот төрелігі арқылы іске асырылатындығын жән еде аталған әкімшілік іске сотпен құқықтық баға берілетіндігін басты назарға алу қажет.

Сондай-ақ қазіргі таңда, жеке сот орындаушылардың арнайы біліктілік талаптары мен олардың қызметін бақылайтын тетіктер [17,18] әзірленге. Жалпы, жеке сот орындаушыларға әкімшілік хаттама толтыруға өкілеттік беру заң бұзушылықтармен күресудің және елдегі сот төрелігінің сапасын жақсартудың тиімді құралы болады.

## Пайдаланған дереккөздер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз. Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 2 «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация жөнінде» Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 25 қазандағы № 307-ХІІ Қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B900001700> . Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 3 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жыл 27 желтоқсан № 268-ХІІІ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 4 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жыл 5 шілде № 235-V. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 5 Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі 2015 жыл 31 қазан № 377-V. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 6 «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261> . Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 7 «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы N 253 Заңы. - Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңымен күші жойылды. [#z0](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000253) Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 8 «Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 1 қыркүйектегі N 440 Жарлығы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 1066 Жарлығымен күші жойылды. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U000000440> Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 9 «Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 949 Жарлығы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 17 маусымдағы № 102 Жарлығымен күші жойылды. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U020000949> Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 10 «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858> Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 11 «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан

Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P100001009> Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.

- 12 «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 12 ақпан N 1569 қаулысы. ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 Жарлығымен күші жойылды. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001569> Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 13 «Сот актілерін орындамағаны үшін жауаптылық туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 12 нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000012S> Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 14 «Соттардың Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің Ерекше бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 7 нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000007S> Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 15 «Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 437 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000437> Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 16 «Қазақстан Республикасы әділет органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 398 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 қаңтарда № 10112 тіркелген. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14D0010112> Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 17 «Жеке сот орындаушыларының қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 32 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 ақпанда № 10308 тіркелген. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15D0010308> Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 18 «Жеке сот орындаушыларының қызметін бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 171 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 ақпанда № 16376 тіркелген. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016376> Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 19 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, 2022 қаржы жылындағы бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есеп. <https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet/documents/details/427749?lang=kk>. Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.

- 20 Ұлттық Статистика Бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық Жоспарлау Және Реформалар Агенттігі <https://new.stat.gov.kz/ru/>.
- 21 Атқарушылық Іс Жүргізу Органдарының Автоматтандырылған Ақпараттық Жүйесі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі <https://aisoip.adilet.gov.kz/>, <https://aisoip.adilet.gov.kz/forCitizens/ratingLawmen>. Жүгінген күні: 15.05.2023 ж.
- 22 Алматы облысы Әділет департаменті, Алматы облысының жеке және мемлекеттік сот орындаушыларының 2021 жылғы 12 айдағы жұмысын 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда салыстырмалы талдау <https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet-alm/documents/details/278738?lang=kk>. Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 23 Mykolas Romeris University (MRU), JURISPRUDENCIJA, Mokslo darbai, 2008, Чекмарева Анастасия, 2008г. «Судебные приставы в России: история и современность» 2008 7(109); 56–63. <https://repository.mruni.eu/handle/007/12089> Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 24 HIGH COURT ENFORCEMENT OFFICERS ASSOCIATION  
Educating the bailiff, Enforcement against goods is still a blunt instrument. The Recognised Standard / www.cicm.com / November 2018 / PAGE 14  
AUTHOR – Andrew Wilson MCICM.  
<https://www.wilsonandroe.com/uploads/images/news/educating-the-bailiff.pdf> Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 25 CA suggests 'problem bailiffs' are on the rise, <https://www.ft.com/content/2ebd6ef2-5603-11e9-91f9-b6515a54c5b1>  
Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 26 THE ICM JOURNAL FOR CONSUMER AND COMMERCIAL CREDIT PROFESSIONALS, Bailiff bashing is fast becoming a national sport, July 2013. [www.icm.org.uk](http://www.icm.org.uk) Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 27 The Recognised Standard , What a difference a year makes, In the second in the series of 'how I got into credit management', Morgan Sheldon tells how he swapped the Police for the enforcement industry. AUTHOR - Morgan Sheldon - [morgan@morgansheldon.com](mailto:morgan@morgansheldon.com), / [www.cicm.com](http://www.cicm.com) / October 2017 / PAGE 54 Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 28 ICM, Bailiff industry needs reform says leader, by SEAN FEAST, December 2011. [www.icm.org.uk](http://www.icm.org.uk) Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 29 «The French Legal System» by Catherine Elliott and Frances Quinn, [https://books.google.com/books/about/The\\_French\\_Legal\\_System.html?id=9KfIAGAAQBAJ&source=kp\\_book\\_description](https://books.google.com/books/about/The_French_Legal_System.html?id=9KfIAGAAQBAJ&source=kp_book_description). Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 30 «French Civil Procedure Code» by Jean-Francois Renucci [https://www.law.cornell.edu/world/france/civil\\_procedure\\_code](https://www.law.cornell.edu/world/france/civil_procedure_code)  
Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.

- 31 «Enforcement of Judgments in France» by Paul Lignières <https://www.lexology.com/library/detail.aspx?g=a22c1ba7-236f-470c-919d-a290c72c177e> Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 32 «The French Code of Civil Procedure: A Guide to Interpretation» by Andrew Tettenborn <https://global.oup.com/academic/product/the-french-code-of-civil-procedure-9780199541393?cc=us&lang=en&>. Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 33 «French Law: A Comparative Approach» by Eva Steiner <https://www.bloomsburyprofessional.com/uk/french-law-9781509918396/> Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 34 «The French Judicial System» by Bernard Stirn [https://www.nyulawglobal.org/globalex/French Judicial System.htm](https://www.nyulawglobal.org/globalex/French%20Judicial%20System.htm) Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 35 «The French Legal System» by John Bell, Sophie Boyron, and Simon Whittaker <https://global.oup.com/academic/product/the-french-legal-system-9780199271004?cc=us&lang=en&#> Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 36 «The French Civil Code» by George A. Bermann and Etienne Picard [https://www.law.columbia.edu/sites/default/files/microsites/french-institute/the\\_french\\_civil\\_code.pdf](https://www.law.columbia.edu/sites/default/files/microsites/french-institute/the_french_civil_code.pdf) Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 37 «French Commercial Law» by Pascal Pichonnaz and Sébastien Manciaux <https://global.oup.com/academic/product/french-commercial-law-9780198790978?cc=us&lang=en&> Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 38 «The French Court System: An Introduction for Anglo-American Lawyers» by Richard F. Weyand <https://www.americanbar.org/groups/litigation/committees/trial-practice/articles/2018/the-french-court-system-introduction-for-anglo-american-lawyers/> Жүгінген күні: 12.05.2023 ж.
- 39 «100 нақты қадам» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100>. Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 40 Жетісу облысы Әділет департаменті, 2022 жылы атқарылған жұмыстары бойынша есебі. Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 41 Жетісу облысымен оның аудандарына қатысты ақпарат. [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B5%D1%82%D1%96%D1%81%D1%83\\_%D0%BE%D0%B1%D0%BB%D1%8B%D1%81%D1%8B](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B5%D1%82%D1%96%D1%81%D1%83_%D0%BE%D0%B1%D0%BB%D1%8B%D1%81%D1%8B). Жүгінген күні: 05.05.2023 ж.
- 42 ЖСО РП басқарма төрағасының сұхбаты «О деятельности ЧСИ», [https://prg.kz/pravmedia/webinars\\_list/7015-o-deyatelnosti-chsi.html](https://prg.kz/pravmedia/webinars_list/7015-o-deyatelnosti-chsi.html), Жүгінген күні: 17.05.2023 ж.
- 43 Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан, - Алматы, 2001. -468с.
- 44 Аленов М.А. Исполнительное производство: [учеб. пособие] /. Астана: [б. и.], 2011.-201с.



1-қосымша

ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Ұсыныс

№ р/с	Құрылымдық элементі	Қолданыстағы редакция	Ұсынылған редакция (өзгерістер мен толықтырулар)	Түзетулер енгізу қажеттілігі туралы негіздеме
<b>ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі</b>				
1	ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 804 - бабының 1 - бөлігі 56 - тармақшасы	804-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға құқығы бар лауазымды адамдар 1. Соттар қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға мыналардың: ... 56) мемлекеттік сот орындаушыларының (665, 667, 669 (бірінші бөлігінде), 673-баптар);	804-баптың бірінші бөлігінің 56-тармақшасы келесі редакцияда жазылсын: сот орындаушылар (665, 667, 669 (бірінші бөлігінде), 673-баптар);	ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабының бірінші бөлігі бойынша мемлекеттік сот орындаушылар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыруға өкілеттіктері бар. Алайда, мемлекеттік сот орындаушылармен қозғалатын атқарушылық іс жүргізу істерінің мөлшерінің азайуымен яғни, оларды жеке сот орындаушылардың құзіретіне беруіне орай және де мемлекеттік сот орындаушылардың қысқаруының негізінде

				жеке сот орындаушыларға ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабының бірінші бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтыру құзіретін беру қажет. Сонымен қатар, бүгінгі таңда мемлекеттік сот орындаушылардың аудандық/қалалық бөлімдері аудандарда толығымен қамтылмаған. Ол қз кезегінде ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабының бірінші бөлігінің қолдану тиімділігіне кері әсерін тигізеді.
<b>ҚР Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Заң</b>				
1	ҚР Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Заңының 126-бабының 1-тармағының	126-бабы. Сот орындаушысының атқарушылық әрекеттер жасау кезіндегі құқықтары мен міндеттері	126-бабының 1-тармағының 2) тармақшасындағы «жеке сот орындаушысын қоспағанда» деген сөздер алынып тасталсын.	ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабының бірінші бөлігі бойынша мемлекеттік сот орындаушылар әкімшілік құқық бұзушылық туралы



	2) тармақшасы	<p>1. Сот орындаушысы заңда белгіленген тәртіппен:</p> <p>...</p> <p>2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыруға (жеке сот орындаушысын қоспағанда);</p>		<p>хаттама толтыруға өкілеттіктері бар.</p> <p>Алайда, мемлекеттік сот орындаушылармен қозғалатын атқарушылық іс жүргізу істерінің мөлшерінің азайуымен яғни, оларды жеке сот орындаушылардың құзіретіне беруіне орай және де мемлекеттік сот орындаушылардың қысқаруының негізінде жеке сот орындаушыларға ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабының бірінші бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтыру құзіретін беру қажет.</p> <p>Сонымен қатар, бүгінгі таңда мемлекеттік сот орындаушылардың аудандық/қалалық бөлімдері аудандарда толығымен қамтылмаған. Ол қазіргі кезеңде ҚР Әкімшілік құқық</p>
--	---------------	---	--	--

				бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабының бірінші бөлігінің қолдану тиімділігіне кері әсерін тигізеді.
--	--	--	--	--

